

Халықты жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 17 шілдедегі N 155 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 тамызда N 13-14-81 тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 мамырдағы N 127 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 19.05.2015 N 127 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңы 7-бабы 6) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 264 қаулысымен бекітілген Елбасының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан - жаңару мен дамуға" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі 2009 жылға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимылдар жоспарын (Жол картасы) іске асыру мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жоғары оқу орындарының, колледжер мен кәсіптік лицейлердің түлектері арасынан заңнамада белгіленген тәртіпте уәкілетті органда тіркелген жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыру үшін жастар тәжірибесі ұйымдастырылсын (бұдан әрі – жастар тәжірибесі).
2. Жастар тәжірибесі меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде (бұдан әрі – жұмыс беруші) ұйымдастырылады және өткізіледі.
3. Жастар тәжірибесі алты ай мерзімге ұйымдастырылады.
4. Жұмыс берушінің жастар тәжірибесін өтетін жұмыссыздың еңбекақысын төлеуге шығындары тиісті жергілікті бюджет қаржысынан өтеледі. Осы ретте жұмыс берушілер қосымша ақыны жеке анықтай алады.
5. 2009 жылы жастар тәжірибесіне жіберілген жұмыссыздардың орташа айлық еңбекақысы 15000 теңгені құрайды.
6. Жастар тәжірибесін ұйымдастыру ауданның "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен шарт негізінде жұмыс берушімен жүзеге асырылады.
7. Жұмыс жағдайы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес

жұмыс беруші мен жастар тәжірибесін өтетін жұмыссыздар арасында жасасқан еңбек шартымен анықталады.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.К. Жақсыбаевқа жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Әмрин